№ 01/5240 от 07.08.2026

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**БЕКІТІЛДІ**
**«Марат Оспанов атындағы**
**Батыс Қазақстан медицина**
**университеті» КеАҚ**
**Басқарма шешімімен**
**«15» 06. 2026 ж.**
**№ 16 хаттама**

# «МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАРЫ ТУРАЛЫ

## ЕРЕЖЕ

| Коды | Басылым | Құрастырған | Келісілді | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|---|
| Е БҚМУ 27-16 | Төртінші | Жумагалиева М.С. _______ 28.05. 2026 ж. | Абенова Н.А. | | 12.06.2026 |
| | | | Изтлеуов Е.М. | | 11.06.2026 |
| | | | Жиеналин Е.Ш. | | 10.06.2026 |
| | | | Курмангалиев К.Б. | | 09.06.2026 |
| | | | Султанова Г.Д. | | 08.06.2026 |
| | | | Примкулова Д.П. | | 05.06.2026 |
| | | | Курмангалиева С.С. | | 04.06.2026 |
| | | | Сугралин Р.Е. | | 03.06.2026 |
| | | | Кожахметов Б.К. | | 02.06.2026 |
| | | | Тлеулин Н.Т. | | 01.06.2026 |
| | | | Кужаниязова Г.Б. | | 01.06.2026 |
| | | | Қашқанқұлов Н.Б. | | 29.05.2026 |
| | | | Кужамуратов Ж.К. | | 29.05.2026 |
| | | | Нубжанов А.К. | | 28.05.2026 |

Ақтөбе, 2026

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

# 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Студенттік жатақханалары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Университеттің Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже Университеттің студенттік жатақханаларында (бұдан әрі – Жатақханалар) білім алушыларды орындарға бөлу, қоныстандыру және шығару тәртібін, тұру қағидаларын, әкімшілік пен тұрушылардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігін регламенттейді. Жатақханалардың қызметі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ереженің 1.1-тармағында көрсетілген Университеттің ішкі құжаттарына қатаң сәйкес реттеледі.

1.3. Жатақханалар Пайдалану жұмыстары жөніндегі департаментінің (бұдан әрі – ПЖД) құзыретіне жатады және Университеттің өз қаражаты есебінен ұсталады.

1.4. Жатақхананың тұрғын және қосалқы алаңын беру құқығы Университеттің Басқарма төрағасы - Ректорына тиесілі.

1.5. Жатақханалардағы материалдық базаны нығайту және дамыту, тұрушылардың қауіпсіздігі бойынша жағдайлар жасау, тұрушыларға тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарға жалпы басшылық Университет басшылығына жүктеледі.

1.6. Жатақханалар басқа қаладан келген білім алушылардың уақытша тұруына арналған.

1.7. Білім алушыларға студенттер Жатақханасынан орын академиялық күнтізбелік оқу жылына сәйкес оқу кезеңіне беріледі.

1.8. Білім беру процесіне немесе Университет қызметіне тікелей қатысы жоқ бөгде тұлғалардың Жатақханаларда тұруына және болуына қатаң тыйым салынады

1.9. Жатақханадан орын беру ағымдағы оқу жылына жасалатын Жатақханадан орын беру туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) негізінде жүзеге асырылады. Өтініш беру және Шартты қалыптастыру процесі автоматтандырылған және студенттерді Жатақханаға орналастыру үшін ақпараттық жүйе арқылы онлайн жүзеге асырылады.

1.10. Университет Жатақханаларында орын беруге байланысты барлық даулы мәселелерді қараумен Университеттің студенттік жатақханалар мәселелері жөніндегі Комиссиясы айналысады. Университеттің Студенттік жатақханалар жөніндегі Комиссиясының шешімі жатақханаларда тұратын студенттер үшін міндетті болып табылады.

1.11. Жатақханада тұратын білім алушылардың тәрбие, мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыстарын ұйымдастыруда және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартуда, білім алушылар арасында көшбасшылық қасиеттерді және жауапты дербес шешімдер қабылдау үшін өзін-өзі басқаруды дамытуда әкімшіліктің, мектептердің, ПЖД, ӘТЖД қызметіне жәрдемдесу мақсатында Студенттік өзін-өзі басқару туралы ережеге сәйкес студенттік комитеттер құрылады.

1.12. Студенттік комитет ұйымдастыратын мәдени-көпшілік немесе өзге де іс-шаралар бекітілген Тәрбие жұмысы жоспары негізінде немесе ӘТЖД және Мектептермен келісу арқылы өткізіледі. Кез келген іс-шараны өткізу қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және тыныштық режимінің сақталуын бақылау мақсатында өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Жатақхана комендантын міндетті түрде хабардар етуді талап етеді.

1.13. Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері лауазымдық міндеттерін (кураторлық жұмыс, санитарлық жағдайды тексеру, кезекшілік) орындау үшін Жатақханаларға кіруге құқылы. Кіру бекітілген тізімдер (кезекшілік кестелері) негізінде немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, күзет бекетіндегі келу журналында деректерді міндетті түрде тіркей отырып жүзеге асырылады. Техникалық қызметкерлерді жөндеу жұмыстарын жүргізуге жіберу Пайдалану жұмыстары жөніндегі департаменті (ПЖД) жетекшісінің өкімімен жүзеге асырылады.

1.14. Түнгі уақытта (23:00-ден 06:00-ге дейін) тұрғын бөлмелерді тексеруші тұлғалардың

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

(коменданттың, ПЖД кезекші қызметкерінің, ӘТЖД өкілдерінің, Студенттік ректорат өкілдерінің немесе күзет қызметінің) тек ерекше жағдайларда ғана кіруіне рұқсат етіледі: тыныштық режимі бұзылғанда, құқық бұзушылық жасалғанда, апаттық жағдайлар туындағанда немесе тұрушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде. Түнгі тексеру фактісі тиісті актімен немесе кіру себебін көрсете отырып, кезекшілік журналына жазбамен тіркеледі.

## 2. ЖАТАҚХАНАЛАРДА ОРЫН БӨЛУ ТӘРТІБІ

2.1. ПЖД мамандары жаңа оқу жылының алдында (шілде-тамыз) Университет сайтында (www.zkmu.edu. kz) міндетті түрде жариялай отырып, Университет Жатақханаларының тұрғын үй қорын қалыптастырады.

2.2. Әрбір оқу жылы басталар алдында Университеттің Жатақханаларында тұру жағдайларының мониторингі жөніндегі Комиссия ғимараттардың қоныстануға дайындығына кешенді тексеру жүргізеді. Тексеруге жатады:

- барлық үй-жайлардың техникалық және өрт қауіпсіздігі;
- материалдық-техникалық базаның жай-күйі (жиһаздың, жұмсақ мүкәммалдың болуы және жарамдылығы);
- жүргізілген жөндеудің сапасы және тұрғын бөлмелердің, қосалқы алаңдар мен жалпы пайдаланымдағы орындардың санитарлық-гигиеналық жай-күйі (тазалығы).

Тексеру нәтижелері бойынша Жатақхананың дайындық актісі жасалады, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды және білім алушыларды жаппай орналастыруды бастау үшін негіз болып табылады.

2.3. Жатақханаларда орын беру мынадай өлшем шарттарға сәйкес («Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес) кезектілік бойынша жүзеге асырылады:

- даму мүмкіндігі шектеулі адамдар, мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер, мүгедек балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын адамдар;
- ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін қалған жастар қатарындағы адамдар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы адамдар, сондай-ақ қандастар;
- «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін – 2050») жобасы шеңберіндегі білім алушылар;
- «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;
- Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қортындылары бойынша жоғары балл жинаған, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа оқуға қабылданған білім алушылар.
- оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтиже көрсеткен жоғары курс оқушылары қатарынан білім алушылар;
- бірінші курсқа қабылданған студенттер;
- көпбалалы отбасылардан шыққан білім алушылар;
- толық емес және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылар;
- басқа білім алушылар.

2.4. Жатақханаға орналасуға өтініштерді қабылдау растайтын құжаттарды тіркеп және тиісті

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

санатын көрсете отырып, студенттерді Жатақханаға орналастыру үшін ақпараттық жүйе арқылы электрондық форматта жүргізіледі. Білім алушы Шартқа қол жеткізу үшін жүйенің жеке кабинетінде осы ережемен танысу рәсімін қашықтықтан растауға міндетті. Шартқа екі тарап та электрондық түрде қол қойғаннан кейін студент пен басшылық арасында қоныстандыруға жолдама (ордер) беріледі.

2.5. Университеттің студенттік жатақханалары жөніндегі Комиссия блоктар мен факультеттерді орналастыру, бөлу жоспарын айқындайды.

2.6. Студенттің «жеке кабинетінде» Жатақханадан орын беру нәтижесі немесе уәжді бас тарту электронды құжат түрінде көрсетіледі.

2.7. Үміткердің өтінішін қарау нәтижесін беру туралы мәліметтер электрондық деректер базасында тіркеледі.

2.8. Білім алушылар қатарындағы шетелдіктер халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес Жатақханалардан орынмен қамтамасыз етіледі.

## 3. ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3.1. Жатақханада тұру ақысының мөлшері жыл сайын Университет Басқармасының шешімімен белгіленеді. Тұрғын жайды ұстауға жұмсалған шығындарды өтеу үшін «Білім алушы» «Университетке» әрбір академиялық оқу жылына прейскурантқа сәйкес белгіленген мөлшердегі ақыны Тараптар шартқа қол қойған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде кассаға енгізу немесе Университеттің есеп айырысу шотына аудару арқылы біржолғы төлейді.

3.2. Жатақханада тұру ақысы тұрған күндерінің санына қарамастан толық ай үшін жүргізіледі. Толық емес ай тұрған жағдайда, қалған сома қайта есептеуге және қайтарылуға жатпайды.

3.3. Төлем сомасы өзгерген жағдайда, осы Ережеге қосымша келісім жасалады.

3.4. Университет Жатақханасына орналастыру: Жатақханадан орын беру туралы ордер, Жатақханадан орын беру туралы шарт, тұру үшін толық соманың төленгені туралы түбіртек және бөлмені қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

3.5. Орналастыруға жауапты тұлға – Жатақхана коменданты орналасушымен бірге бөлмені қабылдау-тапсыру актісін ресімдейді.

3.6. Жатақханаға қоныстанушылар Университеттің қауіпсіздік техникасы жөніндегі маманынан қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық алады.

3.7. Тұрушыларға Жатақханаға кіруге рұқсат қағаздары беріледі. Рұқсат қағазын бастапқы беру тегін негізде (бір рет) жүзеге асырылады. Рұқсат қағаз бұзылған немесе жоғалған жағдайда оны қалпына келтіру (қайта беру) білім алушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

3.8. Журналда Жатақхана коменданты білім алушыларды тіркеуді және Жатақханада тұрушының жеке ісі үшін құжаттарды жинауды жүргізеді.

3.9. Жатақханада тұрушының жеке ісін қалыптастыру үшін қажетті құжаттар тізімі:
- ордер;
- жеке куәлік (көшірмесі);
- Жатақханада орын беру туралы шарт;
- төлем туралы түбіртек (көшірме);
- фото 3*4 (2 дана);
- қатты файл;
- бөлмені қабылдау-тапсыру актісі.

3.10. Қоныс аударушылар заңда белгіленген мерзімде тұрғылықты жері бойынша тіркелуді жүзеге асырады.

3.11. Егер комиссия тіркеген және мақұлдағаннан кейін студент 10 жұмыс күні ішінде қоныстанбаған жағдайда, оның орны сақталмайды, қоныстануға өтінім мен мақұлда жойылады.

3.12. Жатақханаға қоныстанғандарды тіркеуге құжаттарды коменданттың анықтамасы негізінде, білім алушылардың қатысуымен Университеттің паспортшысы ресімдейді. Бұл анықтама

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

студенттерді Жатақханаға тіркеу үшін негіз болып табылады.

3.13. Университетіміздің паспортшысы арқылы Жатақханаға тіркелу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- ➢ коменданттың тұрғылықты жері туралы анықтамасы;
- ➢ жеке басын куәландыратын құжат;
- ➢ ЭЦҚ.

3.14. 16 жастан бастап азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттар:

- ➢ Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- ➢ Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.

3.15. ҚР аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі болып табылады.

## 4. ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУШЫНЫ ЖАТАҚХАНАДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

4.1. Осы Ережені бұзғаны үшін тұрғынға мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

- ➢ ескерту (бұзушылықты алғаш анықтаған кезде);
- ➢ білім алушының жеке ісіне енгізумен қатаң сөгіс;
- ➢ Жатақханадан шығару, келесі оқу жылына қоныстандырудан бас тарту;
- ➢ Университеттен шығару.

4.2. Ескерту түсіндірме жазумен мынадай бұзушылықтар бастапқы анықталған кезде жасалады:

➢ тұрушы дәлелді себепсіз және Жатақхана комендантын жазбаша түрде хабардар етпей, жатақханада 5 (бес) күннен астам уақыт бойы болмаған жағдайда;

➢ тұрушы сағат 23:00-ден кейін басқа тұрушылардың тұрғын бөлмелерінде болған жағдайда

➢ қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындаудан жалтару;

➢ санитарлық нормаларды бұзу;

➢ Жатақханаға келудің белгіленген уақытын бұзу (23.00-ден кейін);

➢ пиротехникалық бұйымдар мен бұйымдардың кез келген түрлерін мерекелік іс-шаралар үшін пайдалану (салюттар, фейерверктер, петардалар, бенгал шамдары, субұрқақтар, конфетти).

4.3. Қатаң сөгіс мынадай жағдайларда жарияланады, егер:

➢ тұрушылар тұрғын үйді, жиһазды немесе өзге де мүлікті бүлдірсе немесе жарамсыз күйге келтірсе (студент анықталған сынулар мен ақауларды өз қаражаты есебінен жөндеуге немесе оның орнына сондай жаңа мүлік сатып алуға міндетті);

➢ алкогольді ішімдіктерден қалған бос ыдыстардың болуы фактілері анықталса;

➢ тұрушы дәлелді себепсіз және Жатақхана комендантын жазбаша түрде хабардар етпей, Жатақханада 5 (бес) күннен астам уақыт бойы жүйелі түрде болмаса;

➢ тұрушылар тұрғын үйді мақсатына сай пайдаланбаса;

➢ тұрушылар Жатақхана қағидаларын бұзып, басқа адамдардың олармен бір бөлмеде немесе бір Жатақханада бірге тұруын мүмкін емес етсе;

➢ тұрушылар дәлелді себептерсіз тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемді бір айдан астам уақыт бойы төлеуден жалтарса;

➢ тұрушы сағат 23:00-ден кейін басқа тұрушылардың тұрғын бөлмелерінде болса (қайталанған бұзушылық);

➢ тұлға тұрғын үйді өз бетінше заңсыз иеленсе;

➢ қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындаудан жүйелі түрде жалтарса (қайталанған бұзушылық);

➢ санитариялық нормаларды бұзса (қайталанған бұзушылық);

➢ кез келген пиротехникалық бұйымдарды және мерекелік іс-шараларға арналған заттарды (салюттер, фейерверктер, петардалар, бенгаль шамдары, фонтандар, конфеттилер) пайдаланса (қайталанған бұзушылық).

4.4. Қатаң сөгіс жарияланғаннан кейін мектеп мамандары бұл туралы білім алушының жеке ісіне

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

тиісті жазба енгізуге және оның ата-аналарына (қамқоршыларына) хабарлауға міндетті.

4.5. Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар қайтадан тіркелген жағдайда, білім алушыны Жатақханадан шығару және Шартты бұзу мәселесін қарау үшін материалдар студенттік Жатақханалар мәселелері жөніндегі комиссияға беріледі.

4.6. Университеттің Студенттік жатақханалар жөніндегі комиссиясының шешімі бойынша келесі жағдайларда Жатақханадан шығару жүзеге асырылады:

- Жатақхана бөлмелерінде спирттік ішімдіктерді ішу немесе сақтау, есірткілік және психотроптық заттарды қолдану, сондай-ақ темекі шегу (оның ішінде электрондық темекілер мен кальяндарды пайдалану);
- Жатақханаға алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде келу және сол күйде болу;
- рұқсатнаманы (ID-картаны/электрондық кілтті) басқа адамдарға (тұрушыларға да, бөгде тұлғаларға да) беру, бұл фотосуретті ауыстыру немесе жалған мәліметтер енгізу арқылы құжатты қолдан жасауға теңестіріледі;
- Жатақхананың тұрғын бөлмелерінде және ортақ пайдалану орындарында жыныстық сипаттағы әрекеттер жасау;
- Жатақхана аумағында және бөлмелерінде суық қарудың, газды, травматикалық және атыс қаруларының кез келген түрлерін (оның ішінде спорттық, старттық және сигналдық тапаншаларды, сондай-ақ олардың макеттерін) сақтау және пайдалану;
- Жатақхана аумағында төбелеске қатысу, сондай-ақ басқа адамдарға күш қолдану;
- Жатақханада орын беру туралы шарттың мерзімі аяқталды;

4.7. Жатақханалар мәселелері жөніндегі комиссия хаттамасының негізінде Шартты бұзу туралы түпкілікті шешімді Университет Басқарма Төрағасы – Ректоры қабылдайды, содан кейін Шарт біржақты тәртіппен бұзылады.

4.8. Жатақханадан шығарылатын тұлғалар шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Жатақхананы босатуға міндетті.

4.9. Тәртіп бұзушылықтары үшін Жатақханадан шығарылған тұлғалардың келесі оқу жылына Жатақханадан орын беру туралы өтініш беруге құқығы жоқ (электрондық жүйеде өтінім беру мүмкіндігі бұғатталады).

4.10. Тұрушының ішкі тәртіп қағидаларын бұзуы түнгі уақытта жұмыс істеуіне байланысты болған жағдайда, білім алушы Жатақхана комендантына жұмыс орнынан анықтама ұсынуға міндетті (тек медициналық ұйымдардан, өйткені студенттердің жұмыс істеуіне тек медициналық ұйымдарда рұқсат етіледі).

## 5. ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1. Жеке пайдалануға арналған мүлік, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын заттар Жатақхана коменданты толтыратын қабылдау-тапсыру актісі бойынша қоныстану кезінде тұрушыларға беріледі. Оқу жылының соңында тұрушы ортақ пайдаланылатын заттарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырады. Ортақ және жеке пайдалануға арналған заттар берілген сәттен бастап студент алынған мүлік үшін жеке материалдық жауапкершілік көтереді. Егер оқу жылының соңында бөлмені тапсыру кезінде Университет мүлкінің бүлінуі немесе зақымдануы (қалыпты тозуды қоспағанда) анықталса, студент анықталған ақаулар мен зақымдарды өз қаражаты есебінен жөндеуге немесе олардың орнына сондай жаңа мүлік сатып алуға міндетті.

5.2. Бөгде тұлғалар Жатақханаға Университет әкімшілігінің рұқсатымен ғана жіберіледі.

5.3. Оқу мен демалыс үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін Жатақханаға кіруге тыйым салынады. Сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін Жатақханада тыныштық сақталуы тиіс (дыбыс күшейткіш құрылғыларды қосуға, ән айтуға, шулауға және т.б. тыйым салынады). Дәліздер мен ортақ пайдалану орындарында кезекші жарықтандыру ғана қалдырылады.

5.4. Жатақханалардағы тәртіп пен өткізу режимін ведомстводан тыс күзет қызметі қамтамасыз

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

етеді.

5.5. Жатақханаларда тұрмыстық бөлмелердің жұмыс тәртібі сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін белгіленеді, тазалық жұмыстарын жүргізуге арналған үзілістер қарастырылады. Әрбір жатақханада комендант жеке ережелер мен техникалық үзілістер белгілей алады.

5.6. Жіті ауру анықталған жағдайда тұрушы уақытша оқшаулағышқа орналастырылады, дәрігер шақырылады және бұл туралы телефон қоңырауларын тіркеу журналына белгі қойылады.

5.7. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда тұрушылар қажет болған кезде бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстырылып орналастырылуы мүмкін.

5.8. Жатақханалардағы тәрбие жұмысы мектептердің, ӘТЖД-ның және Студенттік комитеттің жоспарлары негізінде жүргізіледі.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Университет міндетті:

- Жатақханада санитариялық және өзге де қағидалар мен нормаларға сәйкес тұрмыстық бөлмелерді, душ бөлмелерін және оқшаулағыштарды жабдықтауға;
- Жатақханаларды қажетті жиһазбен, төсек-орын жабдықтарымен және басқа да мүкәммалмен қамтамасыз етуге;
- қоныстандыру және шығару кезінде жиһазды, төсек-орын жабдықтарын және басқа да мүкәммалды қабылдау-тапсыру тәртібімен беруге және қабылдауға;
- Жатақхананы белгіленген тәртіппен қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз етуге;
- үй-жайларға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуге;
- тұрушыларға коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес көрсетілуін қамтамасыз етуге;
- жедел ауруға шалдыққан және ауруханаға жатқызылмаған Жатақхана тұрғындарын оқшаулағышқа көшіруге;
- санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- Жатақхана аумағында құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жүргізуге;
- Университетте белгіленген тәртіпке сәйкес білім алушылардың Жатақханадағы тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі өтініштерін қарауға, сондай-ақ өтінішті қарау нәтижелері бойынша қабылданған шаралар туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге.

6.2. Жатақханада тұратындар міндетті:

- «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ осы Ережесінің талаптарын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын, санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды, өрт қауіпсіздігі талаптарын, тұрғылықты жері бойынша тіркеу қағидаларын және әскери есепке алу қағидаларын қатаң сақтауға;
- Жатақхананы мақсатына сай пайдалануға;
- Жатақхананың үй-жайларына, жабдықтарына және мүкәммалына ұқыпты қарауға;
- тұрғын бөлмелерде және ортақ пайдаланылатын орындарда тазалық пен тәртіпті сақтауға, өздері тұратын бөлмелер мен блоктарды күн сайын тазалауға;
- электр энергиясы мен суды үнемді пайдалануға; бөлмеден соңғы болып шыққан кезде жарықты өшіруге, терезелер мен есіктерді жабуға және бөлме кілтін күзетшіге тапсыруға;
- Университеттің баға прейскурантына сәйкес тұру ақысын уақтылы төлеуге;
- келтірілген материалдық залалды төлем жасалған кездегі нарықтық құны бойынша өтеуге;
- рұқсатнаманы жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда оны білім алушының өз қаражаты есебінен қайта рәсімдеуге;
- Жатақхананың студенттік өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы бекіткен кестеге сәйкес қабаттар мен жатақхана бойынша кезекшілік атқаруға;
- Жатақханадан шыққан кезде, сондай-ақ каникул немесе өндірістік практика кезеңінде уақытша кеткен жағдайда, Жатақхана комендантын кетуден екі күн бұрын хабардар етуге;

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

- қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, жалпы тазалық жұмыстарына және қоғамдық пайдалы жұмыстардың басқа түрлеріне қатысуға;
- кез келген ақаулар мен бұзылулар туралы оларды жедел жою шараларын қабылдау үшін Жатақхана комендантына хабарлауға;
- Жатақханада тұру барысында орын алған құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы Университеттің ресми байланыс арналары арқылы хабарлауға.

6.3. Университет құқылы:

- тұрғын бөлмелер мен блоктарда тазалықтың сақталуы мен тұру қағидаларының орындалуын тексеру мақсатында Мониторингтік комиссияның күшімен айына 2 (екі) рет, яғни әр айдың 10-15-і және 25-30-ы аралығында жоспарлы мониторинг жүргізуге. Тексерулер бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ал бұл кесте тұрушылардың танысуы үшін міндетті түрде ақпараттық стендтерде және Жатақхананың әрбір тұрғын блогында орналастырылады.
- мониторинг жүргізу барысында Комиссия мүшелері анықталған бұзушылықтарды (санитариялық талаптардың сақталмауы, тәртіпсіздік, Университет мүлкінің бүлінуі, тыйым салынған заттардың болуы және т.б.) фото және бейнетүсірілім арқылы тіркеуге құқылы. Алынған материалдар бұзушылық фактісін растау болып табылады және тексеру актісіне қоса беріледі, онымен бөлмеде (блокта) тұратын адамдар қол қойып танысуы тиіс. Білім алушы Актпен немесе фото/бейнежазба нәтижелерімен танысудан бас тартқан жағдайда, құжатта Комиссия мүшелерінің қатысуымен тиісті белгі қойылады.

6.4. Тұру ережелері мен санитариялық нормаларды бұзғаны үшін (жедел түрде шығаруға әкелетін өрескел бұзушылықтарды қоспағанда) келесі алгоритм қолданылады:

- бірінші рет бұзушылық (ескерту): Мониторингтік комиссияның қорытындысы негізінде білім алушыға ескерту жасалады, ол міндетті түрде қоғамдық пайдалы жұмыстарға (жалпы тазалық, аумақты абаттандыру және т.б.) тартылады және түсініктеме жазуға міндеттеледі.
- қайталанған бұзушылық (қатаң сөгіс): Тұру ережелерін екінші рет бұзған жағдайда, білім алушыға қатаң сөгіс жарияланады, ол туралы жазба білім алушының жеке ісіне енгізіледі.
- шығаруға әкелетін бұзушылық (Жатақханадан шығару): Басқарма Төрағасы – Ректордың шартты біржақты бұзу туралы шешімі қабылданған жағдайда, білім алушы Жатақханадан келесі оқу жылында қайта орналастыру құқығынсыз және тұру ақысы қайтарылмай шығаруға жатады.
- оқу жылының соңында ӘТЖД осы ережеде көрсетілген құқық бұзушылықтар үшін Жатақханадан шығарылған студенттердің тізімін қалыптастырады және Цифрландыру орталығы студенттердің Жатақханаға орналастыру жүйесіне кіру мүмкіндігін бұғаттайды.

6.5. Жатақханаларда тұрушылар құқылы:

- Жатақхананың оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы бөлмелерін, жабдықтары мен мүкәммалын пайдалануға;
- Жатақхананың жабдықтарын, жиһазын, төсек-орын жабдықтарын және басқа да мүлікті уақтылы жөндеуді немесе ауыстыруды, сондай-ақ тұрмыстық қамтамасыз етудегі кемшіліктерді жоюды талап етуге;
- Жатақханадағы Студенттік комитеттің құрамында болуға;
- студенттік комитет арқылы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды жетілдіру, тәрбие жұмысын және бос уақытты ұйымдастыру, тұрғын бөлмелер мен өзіндік жұмысқа арналған орындарды жабдықтау және безендіру мәселелерін шешуге қатысуға;
- слесарь, электрик және басқа да мамандардың қызметтерін көрсетуге өтінім беруге;
- Университетте белгіленген нормаларға сәйкес тұру жағдайларына мониторинг жүргізуді бастама етуге.

6.6. Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше көшуге;
- бір бөлмеден екінші бөлмеге мүлікті өз бетінше тасымалдауға;
- басқа тұрушылардың рұқсатынсыз олардың тұрғын бөлмелерінде болуға;

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

- электр сымдарын қайта жасауға және жөндеуге, жергілікті желілерді тартуға, спутниктік антенналар, телефон байланысын және т.б. орнатуға;
- тұрғын бөлмелерде электр жылыту құрылғыларын, примустарды, керосин шамдарын, жылытқыштарды және т.б. пайдалануға;
- Жатақхана комендантының рұқсатынсыз қосымша электр тұтыну құрылғыларын (электр шәйнектер, қайнатқыштар, ұзартқыштар, термопоттар, электр пештер, табалар және т.б.) орнатуға;
- сағат 23:00-ден кейін дыбыс шығаратын құрылғыларды, колонкаларды қосуға, ән айтуға және шулауға;
- тұрғын бөлмелерде киім-кешекті жууға, кептіруге, киім мен аяқ киімді тазалауға;
- қоқыс пен тамақ қалдықтарын терезеден, раковинаға және унитазға тастауға;
- бөлме қабырғаларына, ортақ пайдалану орындарына, қатты мүкәммалға хабарландыруларды, кестелерді, суреттерді және т.б. алдын ала ескертусіз және блок старостасының немесе Студенттік комитет төрағасының келісімінсіз ілуге;
- қоғамдық тәртіпті бұзуға, мас күйде жүруге, алкогольдік ішімдіктерді ішуге және сақтауға, медициналық көрсетілімсіз есірткілік және психотроптық заттарды пайдалануға және сақтауға, бөлмелерде және Жатақхана аумағында темекі шегуге.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІП АЛУ

7.1. Жатақханаларда тұратын, ішкі тәртіп ережелерін орындайтын және Жатақханада тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге белсенді қатысатын тұлғалар көтермелеуге ұсынылуы мүмкін:
- алғыс;
- грамота;

7.2. Тұрғындарға көтермелеуді Жатақхана студенттік комитетінің ұсынысы бойынша ӘТЖД шығарады.

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

**1-қосымша**

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде жатақханаларда тұру қағидалары**

1. Күн сайын термометрия өткізу.
2. Ғимаратқа кіре берісте диспенсер-шашыратқыштарды пайдалана отырып, қолды антисептикпен өңдеу.
3. Аяқ киімнің табанын үй-жайдың кіре берісіндегі ылғалды дезинфекциялық кілемшеге сүрту арқылы өңдеу.
4. Дәліздерде, тұрмыстық бөлмелерде және холлда жүріп-тұру кезінде міндетті түрде талап етілетін жиілікпен алмастыру арқылы (әр 3 сағат сайын), маскалар киіп жүру. Пайдаланылған бетперделерді (түшкіру, жөтелу кезінде пайдаланылған салфеткаларды) «Лас бетперделер үшін» деген таңбаланған ыдыстарға сала отырып, кәдеге жарату.
5. Дәліздерде, тұрмыстық бөлмелерде және холлда жүріп-тұру кезінде кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау.
6. Сабынды пайдалана отырып, қолды өңдеу және жуу.
7. Жатақханада тұратын білім алушылардың дене қызуы көтерілген немесе инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық, ішек инфекциялары) белгілері пайда болған жағдайда деректерді журналға тіркеу, білім алушыны динамикалық бақылау үшін жеке бөлмеде (оқшаулағышта) оқшаулау.
8. Медициналық пункттің медицина қызметкері жалпы практика дәрігерімен бірлесіп, тәуекел топтарын ескере отырып, созылмалы аурулары бар студенттерді мониторингілеу.
9. Шектеу іс-шараларының барлық кезеңдерінде жатақханаға бөгде тұлғалардың келуіне жол берілмейді.
10. Білім беру ұйымдарының жатақханаларында бос уақытты және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізуді тоқтату, үй-жайларды санитариялық өңдеуге және белгіленген өткізу режимін қамтамасыз етуге бақылауды күшейту.
11. Тұрғын үй бөлмелерінде міндетті түрде есік тұтқалары, ажыратқыштар, жиі жанасатын беттер дезинфекцияланып, үнемі ылғалды жинау жүргізу, кейін желдету.
12. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін өңдеу және арнайы бөлінген орындарда сақтау.

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

**2-қосымша**

| Шығынды өтеу арқылы жатақханадан тұрғын үй – жай беру шарты №___________ | Договор на предоставление места проживания в общежитии с возмещением затрат №___________ |
|---|---|
| Ақтөбе қ. «___»_________ 2026 ж. | г.Актобе «___»_________ 2026 г. |
| **«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ,** Жарғы негізінде әрекет ететін, Басқарма Төрағасы – Ректор ___________________ атынан, бұдан ары қарай **«Университет»** делінеді, бір тараптан, және азамат(ша)__ ____ _______________________________________________ _______________________________________________ _______________________________________________, *(Білім алушының толық аты-жөні, тегі)* бұдан ары қарай «**Білім алушы**» делінетін, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» делінеді, ал жеке тұрғанда жоғарыда аталғандай немесе «Тарап» делінеді, осы шарты (бұдан ары қарай мәтінде-Шарт) төмендегі туралы жасасты: | **НАО «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»,** именуемое в дальнейшем **«Университет»,** в лице Председателя Правления - Ректора ___________________________, действующего на основании Устава, с одной стороны, и гражданин (ка) _______________________________________________ _______________________________________________, *(Ф.И.О. обучающегося полностью)* именуемым (ой) в дальнейшем **«Обучающийся»,** с другой стороны, далее совместно именуемыми «Стороны», а по отдельности, как указано выше «Сторона» заключили настоящий Договор (далее-Договор) о нижеследующем: |
| **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ** | **1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА** |
| 1.1. **«Университет»** «Білім алушыға» тұрғын үй-жайды уақытша пайдаланғаны үшін ақылы түрде _________ бастап ________ дейін Ақтөбе қ., _________________________ көшесі мекен-жайы бойынша орналасқан «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ № ____ жатақханасынан № ________ бөлмені ұсынады, ал **«Білім алушы»** тұру шығыстарын өтеуді міндетіне алады. | 1.1. **«Университет»** предоставляет «Обучающемуся» за плату во временное пользование место в общежитии № ____ НАО «ЗКМУ имени Марата Оспанова», расположенный по адресу: г. Актобе, ул. ______________ №________ комнаты, с _________________ по ______________________ г., а **«Обучающийся»** обязуется возместить расходы на содержание. |
| **2. ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ** | **2. РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ** |
| **2.1. Университет міндеттенеді:** | **2.1. Университет обязуется:** |
| 2.1. Жатақханада тұру үшін төлемақы мөлшері әр оқу жылында университет Басқармасының шешімімен белгіленеді. Тұрғылықты жерінің үй-жайын ұстауға жұмсалған шығындарды өтегені үшін «Білім алушы» «Университетке» ___________________________ теңге төлемақыны Тараптар Шартқа қол қойған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде кассаға бір рет енгізу немесе есеп айырысу шотына аудару арқылы төлейді. | 2.1. Размер платы за проживание в общежитии утверждается решением Правления Университета на каждый учебный год. В целях возмещения расходов на содержание жилого помещения «Обучающийся» производит оплату «Университету» в размере ______________________________ тенге в течение 10 (десяти) календарных дней с момента подписания Сторонами Договора путем единовременного внесения в кассу либо перечисления на расчетный счет. |
| 2.2. Жатақханада тұрғаны үшін төлем тұратын күндер санына қарамастан, толық ай үшін жүргізіледі. | 2.2. Оплата за проживание в общежитии производится за полный месяц, вне зависимости от количества дней проживания. |
| 2.3. Толық емес ай тұрған жағдайда қалдық сома қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды. | 2.3. В случае проживания не полного месяца остаточная сумма к перерасчету и возврату не подлежит. |
| 2.4. Төлем сомасы өзгерген жағдайда осы Шартқа қосымша келісім жасалады. | 2.4. В случае изменения суммы оплаты составляется дополнение соглашение к настоящему Договору. |
| **3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ** | **3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН** |
| 3.1. Университет құқылы: | **3.1. Университет имеет право:** |
| 3.1.1. «Білім алушыдан» жатақхананың белгіленген ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды талап етуге. | 3.1.1. Требовать от «Обучающегося» соблюдения установленных правил внутреннего распорядка общежития, правил техники безопасности и пожарной безопасности. |

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

| | |
|---|---|
| 3.1.2. «Білім алушыға» алдын ала хабарлай отырып, оның қатысуымен тұрғын үй-жайларды (бөлмелерді), сондай-ақ олардағы санитарлық-техникалық және өзге де жабдықтардың жай-күйін және «Білім алушының» оларды пайдалану шарттарын сақтауын тексеру мақсатында қарап тексеру жүргізуге. | 3.1.2. С предварительным уведомлением «Обучающегося», производить в его присутствии осмотры жилых помещений (комнат), а также санитарно-технического и иного оборудования, находящегося в них, с целью проверки их состояния и соблюдения «Обучающимся» условий их использования. |
| 3.1.3. «Студенттік жатақханалар туралы» ереженің тармақтары мен талаптары, жатақханадағы қауіпсіздік техникасы ережелері бұзылған жағдайда «Білім алушыны» жатақханадан шығаруға. | 3.1.3. При нарушении норм и правил внутреннего распорядка Положения «О Студенческих общежитиях», правил техники безопасности в общежитии выселить «Обучающегося». |
| 3.1.4. Университет жатақханаларындағы тұру жағдайларына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның күшімен тазалықтың және тұру ережелерінің сақталуын анықтау мақсатында тұрғын бөлмелер мен блоктарға ай сайын 2 (екі) рет, яғни 10-ы мен 15-і және 25-і мен 30-ы аралығында жоспарлы мониторинг жүргізуге. Тексерулер бекітілген Кестеге сәйкес жүргізіледі, ол тұрғындардың танысуы үшін Жатақхананың ақпараттық стендтеріне және әрбір тұрғын блогына міндетті түрде орналастырылады. | 3.1.4. Осуществлять плановый мониторинг жилых комнат и блоков на предмет соблюдения чистоты и правил проживания силами Комиссии по мониторингу условий проживания в общежитиях университета 2 (два) раз в месяц в период с 10 по 15 и с 25 по 30 число. Проверки проводятся в соответствии с утвержденным Графиком, который в обязательном порядке размещается на информационных стендах и в каждом жилом блоке общежития для ознакомления проживающих. |
| 3.1.5. Мониторинг жүргізу барысында Комиссия мүшелері анықталған бұзушылықтарды (антисанитария, берекетсіздік, Университет мүлкін бүлдіру, тыйым салынған заттардың болуы және т.б.) фото және видеоға түсіруді жүзеге асыра алады. Алынған материалдар бұзушылық фактісінің дәлелі болып табылады және тексеру Актісіне қоса беріледі, онымен бөлмедегі (блоктағы) тұрғындар қол қоя отырып танысуға тиіс. «Білім алушы» Актімен немесе фото/видеотүсірілім нәтижелерімен танысудан бас тартқан жағдайда, Комиссия мүшелерінің қатысуымен құжатта тиісті белгі қойылады. | 3.1.5. В ходе проведения мониторинга члены Комиссии могут осуществлять фото- и видео фиксацию выявленных нарушений (антисанитария, беспорядок, порча имущества Университета, наличие запрещенных предметов и т.д; Полученные материалы служат подтверждением факта нарушения и прилагаются к Акту проверки, с которым проживающие в комнате (блоке) должны быть ознакомлены под роспись. В случае отказа, обучающегося от ознакомления с Актом или результатами фото/видеофиксации, в документе делается соответствующая отметка в присутствии членов Комиссии. |
| 3.1.6. Тұру ережелері мен санитарлық нормаларды бұзғаны үшін (дереу шығаруға әкеп соқтыратын өрескел бұзушылықтарды қоспағанда) мынадай алгоритм қолданылады: | 3.1.6. За нарушение правил проживания и санитарных норм (за исключением грубых нарушений, влекущих немедленное выселение) применяется следующий алгоритм: |
| 3.1.6.1. Бірінші рет бұзғаны үшін (ескерту): Мониторинг комиссиясының қорытындысы негізінде білім алушыға түсініктеме жазу және міндетті түрде қоғамдық пайдалы жұмыстарға (тазалық жұмысы, аумақты абаттандыру және т.б.) тартумен ескерту жасалады. | 3.1.6.1. За первичное нарушение (замечание): На основании заключения Мониторинговой комиссии обучающемуся делается замечание с обязательным привлечением к общественно-полезным работам (генеральная уборка, благоустройство территории и др.) и написанем объяснительной. |
| 3.1.6.2. Қайталап бұзғаны үшін (сөгіс): Тұру ережелері екінші рет бұзылған жағдайда, білім алушыға қатаң сөгіс жарияланады, ол туралы жазба білім алушының жеке ісіне енгізіледі. | 3.1.6.2. За повторное нарушение (выговор): В случае совершения нарушения правил проживания во второй раз, обучающемуся выносится строгий выговор, запись о которой заносится в личное дело обучающегося. |
| 3.1.6.3. Шығаруды көздейтін бұзушылық үшін (жатақханадан шығару): Басқарма Төрағасы-Ректор шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, келесі жылы қайта орналасу құқығынсыз және тұрғаны үшін төленген ақшалай қаражат қайтарылмай, жатақханадан шығарылуға тиіс. | 3.1.6.3. За нарушение, подлежащего выселению (выселение): в случае принятия Председателем Правления-Ректором решения о одностороннем расторжении договора подлежит выселению без права повторного заселения на следующий год и без возврата денежных средств за проживание. |
| 3.7. Оқу жылының соңында ӘТЖД (Әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент) осы ережеде көрсетілген құқық бұзушылықтары үшін жатақханадан шығарылған студенттердің тізімін қалыптастырады және Цифрландыру орталығы аталған студенттерді жатақханаға орналастыру үшін ақпараттық жүйеге кіру мүмкіндігін бұғаттайды. | 3.7. В конце учебного года ДСВР (Департамент по социально-воспитательной работе) формируется список студентов, выселенных за правонарушения, указанные в данном положении и Центром цифровизации блокируется доступ в информационную систему для заселения данных студентов в общежитие. |

Дата: 10.08.2026 15:21. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 8.0.0. Положительный результат проверки ЭЦП

| **3.2. Университет міндетті:** | **3.2. Университет обязан:** |
|---|---|
| 3.2.1. «Білім алушыға» кабылдау-тапсыру актісі бойынша өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарға жауап беретін, тұруға жарамды тұрғын үй-жай ұсынуға. | 3.2.1. Предоставить «Обучающемуся» жилое помещение в пригодном для проживания, отвечающим требованиям пожарной безопасности, санитарно-эпидемиологическим и иным требованиям по акту приема-передачи. |
| 3.2.2. «Білім алушыны» электр энергиясымен, жылумен және сумен жабдықтауды камтамасыз етуге, тұрғын үй-жайдың калыпты пайдаланылуын қамтамасыз етуге. | 3.2.2. Обеспечивать «Обучающегося» электроэнергией, тепло и водоснабжением, обеспечить нормальную эксплуатацию жилого помещения. |
| 3.2.3. «Білім алушыға» белгіленген нормаларға сәйкес жиһазды, инвентарьды (мүлік), жабдықтарды және төсек-орын жабдықтарын пайдалануға беруге. Жиһаз және өзге де инвентарь (мүлік) жатақхана коменданты құрастыратын қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі | 3.2.3. Предоставить «Обучающемуся» в пользование мебель, инвентарь, оборудование и постельные принадлежности в соответствии с установленными нормами. Мебель и прочий инвентарь передаются по акту приема-передачи, который заполняется комендантом общежития. |
| 3.2.4. Қажетті коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің көрсетілуін, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайлардың берілуін қамтамасыз етуге. | 3.2.4. Обеспечить предоставление необходимых коммунально-бытовых услуг, помещений для проведения культурно-массовых мероприятий. |
| 3.2.5. Жатақханадағы кәріз, электр және сумен жабдықтау жүйелеріндегі ақауларды жедел жоюды және ағымдағы жөндеуді уақтылы жүргізуге. | 3.2.5. Своевременно производить текущий ремонт и оперативное устранение неисправностей в системах канализации, электро - и водоснабжения в общежитии. |
| 3.2.6. Университет мүлкінің бүлінгенін растау үшін видео/фототүсірілім жүргізуге, тиісті актіні ресімдеуге және студентті онымен таныстыруға | 3.2.6. Проводить видео/фото фиксацию в подтверждение на порчу имущество Университета с оформлением соответствующего акта и ознакомить студента. |
| 3.2.7. Жатақханаға орналасу кезінде «Тұрғынды» (Білім алушыны) оның құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыруға (таныстыруға). | 3.2.7. При вселении информировать Проживающего о его правах и обязанностях. |
| 3.2.8. Үй-жайларға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізуге. | 3.2.8. Своевременно проводить капитальный и текущий ремонт помещений. |
| 3.2.9. Жатақханада тұратын науқастар жіті (асқынған) ауруға шалдыққан және олар ауруханаға жатқызылмаған жағдайда, оларды изоляторларға көшіруге (оқшаулауға). | 3.2.9. Переселять в случае острого заболевания и отсутствия госпитализации больных, проживающих в общежитии, в изоляторы. |
| 3.2.10. Жатақханалар аумағында құқық бұзушылықтың алдын алудың (профилактика) жүргізуге. | 3.2.10. Проводить профилактику правонарушений на территории общежитий. |
| 3.2.11. Университетте белгіленген нормаларға сәйкес білім алушылардың Жатақханалардағы тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі өтініштерін қарауға, сондай-ақ өтініштерді қарау қорытындысы бойынша қабылданған шаралар туралы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етуге. | 3.2.11. Рассматривать обращения обучающихся по улучшению условий проживания в общежитиях согласно установленным в Университете нормам, а также обеспечивать информационную открытость о мерах, принятых по итогам рассмотрения обращения. |
| **3.3. Білім алушы құқылы:** | **3.3. Обучающийся имеет право:** |
| 3.3.1. Қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайларға. | 3.3.1. На необходимые санитарно-бытовые условия. |
| 3.3.2. Әкімшілік белгілеген ережелерге сәйкес жатақхананың санитарлық-техникалық, тұрмыстық және баска да аспаптарын (құрылғыларын) пайдалануға. | 3.3.2. На пользование санитарно-техническими, бытовыми и другими приборами общежития, согласно правилам установленным администрацией. |
| 3.3.3. Жатақханада өткізілетін мәдени-бұқаралық және ұйымдастыру іс-шараларына катысуға. | 3.3.3. На посещение культурно-массовых и организационных мероприятий, проводимых в общежитии. |
| 3.3.4. Тұрғын үйдің колсұғылмаушылығына. Университет басшылығының өкілдері студенттің хабарынсыз тұрғын үй-жайға тек Университет мүлкінің бүліну қаупі төнгенде немесе көршілердің шағымына байланысты ғана кіре алады. Бұл ретте себебі көрсетілген тиісті акт жасалады. | 3.3.4. О неприкосновенности жилища. Представители руководства Университета могут входить в помещение без ведома студента только при наличии угрозы порчи Университета, либо в связи с жалобой соседей. При этом составляется соответствующий акт с указанием причины. |
| 3.3.5. Университет басшылығына тұрғын үй жағдайларының сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге. | 3.3.5. Вносить руководству Университета предложения по улучшению качества жилищных условий. |
| 3.3.6. Жатақхананың оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайларын, жабдықтары мен инвентарын | 3.3.6. Пользоваться помещениями учебного и культурно-бытового назначения, оборудованием и |

